

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

02.09.2021ж.

Қатысқандар:

Тәрбиеші: Н.Шурабаева
Ата-аналар – 12
Хатшы – Қасымова Махаббат

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

4. Ата-аналармен сауалнама жүргізу 4-5жастағы балалардың ерекшелігі.
5. «Сіз қандай ата-анасыз?» тренинг
6. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша тәрбиеленушілердің қатысымын және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, былтырғы жылдық қорытындысын бірлестік жетекшісі Сағынова Әлия айтып өтті. Ата-анамен сауалнама жүргізіліп, қорытындыланды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша тәрбиеші: Нургул Шурабаева ата-аналарға тәрбиеленушілердің ұйымдастырылған оқу іс әрекетіндегі балалардың қай салаға икемділіген анықтап, ұсыныстар айтылды.

Ата-аналарға мектепке дейінгі шағын топ орталығының «Балапан» бағдарламасы оқу құрал жабдықтармен және ойыншықтармен қамтамасыз етілетінін айтылып өтті

Шешім:

3. Жаңа оқу жылына шағын топ дайындығы жақсы деп шешілді.
4. Шағын топ тәрбиеленушілердің қатысымын қадағалау, топ тәрбиешісі Нургул Шурабаеваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:

Үмбеджанова Богагуз
Қасымова Махаббат

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

08.10.2021ж.

Қатысқандар:

Тәрбиеші: Н.Шурабаева

Ата-аналар – 11

Хатшы : Қасымова Махаббат

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

4. Қазан айының қатысым қорытындысы.
5. Дөңгелек үстел: «Баланы қалай тәрбиелеу керек?».
6. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тәрбиеші Нургул Шурабаева қазан айының қатысымы қорытындысымен ата-аналарды таныстырып өтті, топта 11 тәрбиеленуші бар, олардың 5 қыз бала, 6 ұл бала.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша ата –аналармен «Баланы қалай тәрбиелеу керек?» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі тәрбиеші ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру. Дөңгелек үстелге ата-аналар белсене қатысты.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша әр түрлі мәселелер қозғалды. Ата-аналарға балалардың себепсіз сабақтан қалмауын немесе қалған жағдайда денсаулығына байланысты анықтама ала келуін қадағалау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана Бақтыгул Нургул апайдың өткізген дөңгелек үстелі өте қызықты өтті. Дөңгелек үстел жақсы деңгейде өтті. Қызықты тренингтер ұйымдастырылып, баламызды сипап сезу арқылы танып, сурет салып көңіліміз бір көтеріліп қалды. Осындай дөңгелек үстелдер жиі өткізіліп тұрса деген тілек білдіреміз. Сонымен қатар қызым Аминаның үйдегі уақытта қадағалап отырамын.

Ата-ана Ақтоты:

- Дөңгелек үстел мағанда ұнады. Енді алдағы уақытта қызыммен анасы ретінде емес, досы ретінде қарым-қатынас жасауға тырысамын.

Шешім:

4. Қазан айының қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
5. Отбасындағы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту ата-анаға жүктелсін.
6. Балалардың тәртібі, тазалығын қадағалап отыру тәрбиешісі мен ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: Үмбеджанова Ботагуз

Хатшы: Қасымова Махаббат

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

24.12.2021ж.

Қатысқандар:

Тәрбиеші: Н.Шурабаева

Ата-аналар – 11

Хатшы – Қасымова Махаббат

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

4. I-жарты жылдықтың қорытындысы. Нургул Шурабаева
5. Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі». Нургул Шурабаева
6. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша тәрбиеші. Нургул Шурабаева балалардың қатысымын аралық және бастапқы мониторингпен таныстырылып қорытындысымен таныстырды. I- жарты жылдық қорытындысы бойынша топ сапасы таныстырылды

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша тәрбиеші Нургул Шурабаева.«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама оқыды. Бүгінгі тәрбие беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар еңбек тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Балаларға адамгершілік салаларды қалыптастыруда отбасы шешуші рөл атқарады. Сол себепті әр ата-ана өз баласымен тығыз байланыс орнату қажет.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша ата-аналар өздерін толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтар қойып пікірлесті.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана Аягөз:

- Баяндама жақсы, түсінікті болды. Шағын топпен әрқашанда тығыз байланыста болуға тырысамыз. Баламыздың тәрбиелі білімді болғаны барлық ата-ана үшін маңызды деп ойлаймын. Шағын топ , тәрбиешілері жақсы қарым-қатынас жасаған. Ұйымдастыру жұмысы да жақсы.

Ата-ана Райхан :

- Жиналыста баламыздың тәрбиелі, жақын білім алу үшін топ тәрбиешілермен, шағын топпен жақсы қарым-қатынаста болу керек екендігін түсіндім. Сонымен қатар өткізілетін шараларға да қатысуға мүмкіндігімше тырысамын.

Шешім:

4. I- жарты жылдық қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
5. Бала тәрбиесін қадағалау жұмыстары ата-ана жағынан күшейтілсін.
6. Балалардың қатысым, тәртібін, тазалығын қадағалап отыру тәрбиешілермен ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: Үмбеджанова Ботагуз

Хатшы:

Қасымова Махаббат